

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.146-148

ОРГАНИКАЛЫҚ ЕГІНШІЛІК ЖҮЙЕСІ МЕН БИОПРЕПАРАТ ҚОЛДАНУДЫҢ АГРОӨНДІРІСТЕГІ МАҢЫЗЫ

*Нурсеитова Д.О., Жумадилова Д.Б.,
Кульжанова С.М.*

«Жасыл экономиканы» қалыптастыру Қазақстан дамуының стратегиялық векторы негізінде Президентіміз былай деген: «Біздің елімізде жерлердің 90 пайызы химикаттармен ластанбаған. Сондықтан да, бүкіл әлем бойынша үлкен сұранысқа ие болатын таза органикалық ауылшаруашылық өнімдерін өсіруге мүмкіндік бар. Азық-түлікке деген сұраныс 2050 жылы 40 пайызға артады және «жасыл экономика» индустриялық революцияның негізі болады», деген болатын Мемлекет басшысы. Осы тұрғыда бірқатар міндеттер де алдымызға қойылды. Қабылданған шаралардың нәтижесі ретінде 2050 жылға дейін ауылшаруашылық өнімі еліміздің ІЖӨ үлесінде 5 есеге артуы тиіс [1].

Еліміздің азық-түлік бағдарламасының алтын қазығы болып отырған ауыл шаруашылығы саласының көтерер жүгінің барған сайын көлемі ұлғайып, жауапкершілігі де арта түсіп отыр. Егін шаруашылығындағы органикалық егіншілік мәдениетін заманауи талаптарға сай дамыту алдымыздағы айқын талаптардың бірі болып табылады. Оны технологиялық талаптар бойынша орындай білсек, ғылыми тұрғыдан ізденіс пен зерттеуді тереңдете түссек олқылық атаулыдан арыларымыз анық.

Әлемнің көптеген елдері егіншілікті қарқынды жүргізгенімен, жаһандық деңгейдегі экологиялық дағдарыста тұрған аймақтар қатарына енді. Америкалық эколог Барри Коммонер «Бәрі де өзіміздің үйлестіре білуімізге байланысты» деген түйінді тұжырымдаманы дұрыс айтқан. Біздің планетамыз қандай үлкен болып көрінгенмен, онда болып жатқан процестердің барлығы өзара байланыста. Мәселен, Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінде қолданылатын пестицидтер (ДДТ) Антарктиданы мекендейтін пингвиндердің бауырынан табылған. Ал, Чернобыль АЭС радионуклидтері Украина, Белоруссия мен Ресейдің ғана емес, сонымен қатар ГФР, Швеция, Норвегия және басқа да батысеуропалық елдерде тұратын әйелдердің сүтінің құрамынан табылғаны таңдандырмай қоймайды [2].

Планетамыздағы халық саны ұдайы өсуде, сонымен бірге азық-түлікке деген қажеттілік те үнемі ұлғаюда. Бүгінгі таңда гендік өзгертілген ағзаны тамаққа жүйелі түрде пайдалану адамда биологиялық жаңа белгінің пайда болуына алып келетіндігін кішкентай балаға дейін біледі. Сондықтан да,

заманауи агроландшафтарда экологиялық жағдайларды жақсарту мәселелері, топырақ құнарлылығын сақтау мен жаңғырту, дақылдардың өнімділігін арттыру мен ауыспалы егістіктердің алуантүрлілігімен экологиялық қауіпсіз агроэко жүйелерді жасау арқылы өсімдік шаруашылығын жүргізу қазіргі таңда өте өзекті болып отыр. Қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық таза өнім алу мақсатында жалпы егіншіліктің органикалық жүйесін жүргізу, экологиялық тұрақты және қауіпсіз технологиялар мен амалдарды қолдану қажеттігі туындауда.

Органикалық ауыл шаруашылығын зерттеу институты (FiBL) және Халықаралық органикалық ауыл шаруашылығы қозғалысы федерациясының (IFOAM) мәліметтері бойынша, әлемде органикалық егіншілікке пайдаланылатын жерлердің көлемі ұдайы артуда. Соңғы 16 жылда олардың көлемі 4 есеге ұлғайды және 2016 жылы 48,7 миллион гектар алқапты құрады. Органикалық өндіріс туралы статистикалық мәлімет 172 елден келіп түседі. Әлемде барлығы 2,3 миллионға органикалық өндірушілер сертификатталған, олардың төрттен үш бөлігі дамушы елдерде орналасқан [3].

Органикалық өнімнің негізгі мөлшері де әлемнің жоғары дамыған индустриялы елдерінде саудаланады. Жалпы тұтыну жағынан шамамен 78 пайызы Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка елдеріне тиесілі. Қазақстан үшін де экологиялық таза ауылшаруашылық өнімдерін өндірудің және сатудың тиімділігі зор. Осы бағытты берік мақсат ұстанып, әлемдік нарықта нық орынға ие болуға ұмтылу керек.

Қазіргі кезде елімізде органикалық өнім өндірудің статистикалық мәліметтері жүргізілмейді. Бұл бағыт Қазақстанда енді дамып келе жатыр. Дегенмен, зерттеулер барысында анықталғандай, жалпы көлемі 300 мың гектар алқапта өсімдік шаруашылығының органикалық өнімдерінің экспорты жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында кезінде экономикалық байланыстардың үзілуі, шаруашылық жүргізу формасының ауысуы, минералдық тыңайтқыштардың қымбаттауы салдарынан 1990 жылдан бастап республикада 672,1 мың тонна минералды тыңайтқыш өндірілген. Өндіріс көлемінің де, танаптарды пайдаланудың да ауқымы күрт төмендегені байқалады. Бұл үрдіс бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. 2015 жылы Қазақстанда минералдық тыңайтқыштарды пайдалану гектарына 5 келе әсер етуші зат шамасына ғана жетті [4]. Елбасы Н.Назарбаев өзінің халыққа арнаған жолдауларында біздің республикамызда ауыл шаруашылығын жүрізудің басым бағыты болып табылатын, органикалық егіншілік екенін үнемі айтып жүр. Бұл сала әлем бойынша қарқынды түрде дамып келеді.

Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі - химиялық препараттарды биологиялық препараттарға ауыстыру. Табиғи микроағзалардың негізіндегі биопрепараттар адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіпсіз болғандықтан, оларды қолдану ауыл шаруашылығы өндірісінің маңызды аспектісі болып табылады. Биопрепараттардың көмегімен алынған ауыл шаруашылығы өнімдері қауіпсіз, сондай-ақ олардың өзіндік құны да төмен. Химиялық препараттар өсімдіктерде, топырақта, құстар мен жануарлар

ағзасында жиналады. Кейбір химиялық препараттар зиянды ағзалармен қоса пайдалыларын да өлтіретін болса, биопрепараттар, керісінше, пайдалы микрофлораның дамуына ықпал етеді. Биопрепараттар аграрлық секторда қолданылатын химиялық препараттардан күту мерзімінің жоқтығымен ерекшеленеді. Яғни, химиялық препараттарды қолданғаннан кейінгі күту мерзімі бірнеше аптадан бірнеше айға дейін созылуы мүмкін, ал биопрепарат қолданғаннан кейін ауыл шаруашылығы өнімдерін бірден пайдалануға болады. Биопрепарат өсімдік ағзасында жинақталмайтындықтан, әр түрлі өсу кезеңінде қолдануға болады. Қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық таза өнім алу мақсатында жалпы егіншіліктің органикалық жүйесін жүргізіп, биопрепарат қолданудың маңызы зор.

Органикалық ауыл шаруашылығы біздің еліміз үшін перспективалық бағыт. Қазақстан егін егетін ауқымды аудандар мен жайылым алқаптарына ие, сондықтан аграрлық сала келешек ұрпақ үшін тамақ өнімдерінің сапасын көтеру және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге барлық жағдай бар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы. 2012ж.
- 2 Maeder P. et al [Soil Fertility and Biodiversity in Organic Farming](#)// Science v296, 31 мая 2002, стр. 1694—1697.
- 3 [Jouzi, Z](#)(Jouzi, Zeynab), [Azadi, H](#). Organic farming and Small-Scale Farmers: Main Opportunities and ChallengesТом:132FEB 2017.С.: 144-154.
- 4 Гринец Л. В.«Эффективность использования минеральных удобрений под зерновые культуры на черноземах обыкновенных Северного Казахстана в зависимости от их обеспеченности фосфором». Автореферат Троицк-2009г.